Маңғыстау облысының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы № 01-01/102 11 қазан 2024 жыл

Төраға: Маңғыстау облысының әкімінің м.а. Е. К. Ізбергенов.

Қатысқандар: төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия мүшелері, қала және аудан әкімдері

Хатшы: Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаментінің төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің бастығы Д.Д. Елшібаев.

Күн тәртібі:

1. Маңғыстау облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік сала мен энергетика нысандарының, сонымен қатар республикалық, облыстық, жергілікті маңыздағы автомобиль мен темір жолдарының 2024-2025 жылдардағы қысқы маусымға дайындығы туралы.
(Б.Картбаев, А.Қалиев)

1. Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының басшысы Б. К. Картбаевтың және Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы А. Қалиевтың баяндамалары назарға алынсын.

2. Ақтау қаласының әкімі, «МАЭК» ЖШС Ақтау қаласында жарияланған төтенше жағдайды негізге ала отырып, «МАЭК» ЖШС-нің қолданысындағы №2 су жинау каналын терендету жұмысын жүргізу үшін, бір көзден келісім шартқа отыру мүмкіндігі қолданыстағы заңнама шеңберінде ағымдағы жылғы 1 қарашаға дейін қарастырсын.

3. Қала және аудан әкімдері қысқы кезеңде электр және жылу жүйелерінде туындаған авария салдарын жою үшін жылу зеңбіректері *(пушка)* мен жылжымалы генераторлары қолданыстағы заңнама шеңберінде 2024 жылғы 15 қарашаға дейін сатып алу мүмкіндігі қарастырсын.

4. Маңғыстау ауданының әкімі Маңғыстау ауданына қарасты «Ман Ата» жеріне байланыс құралдарын орнату жұмыстарын қолданыстағы заңнама шеңберінде ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтасын.

5. «МАЭК» ЖШС, қала және аудан әкімдері жылу электр орталығы *(ТЭЦ)*, орталық, дербес қазандықтар мен жылу желілерінің дайындығы мен үздіксіз жұмысы қолданыстағы заңнама шеңберінде ұдайы бақылауға алынсын.

6. «МАЭК» ЖШС, Ақтау қаласының әкімдігімен бірлесіп су-топырақ қоспасын соргылар арқылы жағаға немесе мамандандырылған трюмге айдауға қабілетті спарядтар сатып алу мүмкіндігін қолданыстағы заңнама шеңберінде 2024 жылғы 10 қарашаға дейін қарастырсын.

Сканировано с CamScanner

7. **Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, қала және аудан әкімдері тиісті мемлекеттік мекемелермен бірлесіп жолға қызмет көрсетуші мекемелердің және** республикалық, облыстық, ауданаралық жолдардың қысқы кезеңге дайындығын қолданыстағы заңнама шеңберінде **2024 жылғы 01 қарашаға дейін** қарасын.

8. **Маңғыстау облысының Полиция департаменті** *(келісім бойынша)*, **«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ МОФ** *(келісім бойынша)* қыс мезгілінде ауа райы нашарлаған жағдайда, міндетті түрде шағын елді-мекендерде бекеттерді ұйымдастыруды қамтамасыз етуді және халықтың автожолдарға шығуын шектеуді **тұрақты** түрде ұйымдастырсын

9. **«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ МОФ** *(келісім бойынша)*, **Мұнайлы ауданының әкімімен бірлесіп** Жетібай-Ақтау тас жолы учаскесі Батыр ауылы маңында қолайсыз жағдайда шұғыл кезекшілік жасау үшін жер телімін бөлу мәселесі қолданыстағы заңнама шеңберінде **ағымдағы жылдың соңына дейін** қарасын.

10. **Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті** *(келісім бойынша)*, **қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп** барлық деңгейдегі азаматтық қорғау қызметтінің қысқы кезеңге дайындығын қолданыстағы заңнама шеңберінде **2024 жылғы 01 желтоқсанға дейін** тексерсін.

2. Каспий теңізі жағалауында итбалықтармен бекіре тұқымдас балықтардың жаппай қырылуы туралы

(А. Руцкий)

1. «Жайық-Каспий» облыс аралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының басшысы А. Руцкийдің баяндамасы назарға алынсын.

2. **ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті** *(келісім бойынша)*, Каспий теңізі жағалауында өлген итбалықтармен бекіре тұқымдас балықтар туралы ақпаратты «Жайық-Каспий» облыс аралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясына қолданыстағы заңнама шеңберінде **ұдайы** түрде ұсынсын.

3. **Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Қ. Құлжанов, Маңғыстау облысының балық шаруашылық басқармасы** балықшылардың теңізге шығу орындарына бақылау жүргізетін жауапты мекемені анықтауға қолданыстағы заңнама шеңберінде **2024 жылғы 01 желтоқсанға дейін** жиын өткізсін.

4. **Маңғыстау облысының балық шауашылығы басқармасы** балық шаруашылығы инспекциясының штат санын көбейту және құрал-жабдықтарды жаңарту бойынша қолданыстағы заңнама шеңберінде **2024 жылғы 11 қарашаға дейін** ұсыныс енгізсін.

5. **ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті** *(келісім бойынша)*, **«Жайық-Каспий» облыс аралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы** *(келісім бойынша)* балықшыларды теңізге шығу кезінде құжаттарының дұрыстығы тексерілсін,

Сканировано с CamScanner

сонымен қатар рейд жұмыстары қолданыстағы заңнама шеңберінде ұдайы жүргізілісін.

6. **Маңғыстау облысының балық шаруашылық басқармасы, «Жайық-Каспий» облыс аралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен** *(келісім бойынша)* **бірлесіп ұшқышсыз ұшу аппаратын сатып** алуға бюджеттік өтінім қолданыстағы заңнама шеңберінде **2024 жылғы 10 қарашаға дейін берілсін.**

3. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде төтенше жағдайларды болдыраму туралы

(Ж. Нұржаубеков)

1. Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы көліктегі бақылау бөлімінің басшысы Ж. Нұржаубековтың баяндамасы назарға алынсын.

2. **Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы, Маңғыстау облысының Полиция департаменті** *(келісім бойынша)*, қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарының тоқтайтын және тұратын орындары, қауіпті жүкті тасымалдау маршруттары қолданыстағы заңнама шеңберінде **ұдайы түрде** тексерілсін.

2.1. Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы заңнамаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар қолданыстағы заңнама шеңберінде **2024 жылғы 25 желтоқсанға дейін** берілсін.

3. **Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы** *(келісім бойынша)*, **««Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі» филиалы Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі** *(келісім бойынша)* Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасымен бірлесіп қауіпті жүктерді тасылмалдауға жауапты мемлекеттік орган бекіту туралы ұсыныс қолданыстағы заңнама шеңберінде **2024 жылғы 10 қарашаға дейін** жолдасын.

4. Шомылу кезеңінің қорытындылары және 2025 жылғы шомылу маусымында төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қосымша міндеттер қою туралы

(Н. Айжарықов)

1. Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Н. Айжарықовтың баяндамасы назарға алынсын.

2. **Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар департаменті** *(келісім бойынша)*, **қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп** шомылу маусымы кезінде барлық коммуналдық жағажайлар және жеке меншік демалыс орындарын ҚР ІІМ-нің 2015 жылғы 19 қаңтардағы «су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» №34 бұйрығына сәйкес жабдықталуына

Сканировано с CamScanner

қолданыстағы заңнама шеңберінде 2025 жылғы 01 мамырға дейін тежеріс [illegible]

3. Маңғыстау облысының ішкі саясат басқарамасы, Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар департаменті *(келісім бойынша)*, қала, аудан әкімдіктері су айдындарындағы қауіпсіздікті кеңінен түсіндіру мақсатында суға түсуге тиым салынған жерлерде анимациялық фильмдер қолданыстағы заңнама шеңберінде 2024 жылғы 01 мамырға дейін түсірілсін.

4. Ақтау, Жаңаозен қалаларының, Қарақия және Түпқараған аудандарының әкімдіктері барлық көпірлерде, пирстерде, айлақтарда «Суға түсуге тыйым салынады!» белгілері қолданыстағы заңнама шеңберінде 2025 жылғы 01 мамырға дейін орнатылсын.

4.1. коммуналдық жағажайларды акваторияның бөлінген учаскесін мониторингтеу үшін ескерту құрылғысы бар зияткерлік бақылау камераларымен қолданыстағы заңнама шеңберінде 2025 жылғы 01 мамырға дейін жарақтандырылсын.

5. Маңғыстау облысының білім басқармасы су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерінің талаптарын ақпараттандыруға бағытталған орта оқу орындарының оқытушылар құрамымен, балалармен, сондай-ақ олардың ата-аналарымен үгіт-насихат жұмыстарын қолданыстағы заңнама шеңберінде тұрақты түрде жүргізсін.

6. Маңғыстау облысының цифрлық технологиялар басқармасы, Ақтау қаласының әкімдігі «Шора» және «МАЭК» каналы арналарына бақылау камераларын қолданыстағы заңнама шеңберінде 2025 жылғы 01 мамырға дейін орнатсын.

7. Маңғыстау облысының цифрлық технологиялар басқармасы, Түпқараған ауданының әкімдігі 43 шақырым, Саура, Голубая бухта және Голубая лагуна жерлерінде байланыс жабдықтарын қолданыстағы заңнама шеңберінде 2025 жылғы 01 мамырға дейін орнатсын.

8. Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы Ақтау қаласының жылы жағажай аймағында көп функционалды өрт сөндіру депосының құрылысына қолданыстағы заңнама шеңберінде 2025 жылғы бюджетті жоспарлау және нақтылау кезінде қаражат қаралсын.

Хаттаманың орындалысының бақылау Маңғыстау облысы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

Тораға Е. Ізбергенов

Хатшы Д. Елшібаев

Сканировано с CamScanner